



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ»**
XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
7 сәуір 2022 ж.

**«THE ROLE OF THE STATE IN MAINTAINING REGIONAL AND
GLOBAL SECURITY»**

Proceedings of the XII-International Scientific and Practical Conference
on April 7, 2022

**«РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В СОХРАНЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ И
ГЛОБАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

Материалы XII-Международной
научно-практической конференции
7 апреля 2022 г.

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 327(063)

ББК 66.4 (0)

С 69

Редакционная коллегия:

Кандидат исторических наук, профессор **Б.А. Габдулина**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **М.К. Дюсембекова**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан

Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия

Магистр социальных наук, преподаватель **Н. Болатұлы**, Казахстан

«Роль государства в сохранении региональной и глобальной безопасности». Сборник материалов XII-Международной научно-практической конференции. (7 апреля 2022 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022.**

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты ХІІ-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Қорытындылай келе, жаңа зейнетақы реформасының жақсы жақтары да, кемшіліктері де бар екенін атап өткім келеді. Үкімет зейнет жасын ұлғайтудың артықшылығын білікті кадрларды сақтау және бюджетті қысқарту деп айқындайды. Кемшіліктердің ішінен егде жастағы адамдардың жаңа технологиялармен, заманауи құралдармен еңбек қызметін жүзеге асыру қиынға соғады, сонымен қатар денсаулығындағы мәселелердің көбеюі, жұмыс жасау қарқынын да атап өткен жөн. Ең бастысы жас ұлғайту шешімі белгілі бір аймақтарға, яғни жас мамандардың мансаптық көтерілу коэффициентіне әсер етуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 17 маусымдағы № 675-ХІІ Заңы.
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 137 Заңы
3. <https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/45e/45e60889567797fd201eccc87d499e38.pdf>
4. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы (2020.07.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы 2013 жылдың 21 маусым/
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы 841 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Summary

The increase in the amount of pensions in response to changes in society means that it has created favorable conditions for increasing the welfare of the population. Noticing this, foreign experts praised the work of Kazakhstan's accumulative pension system. Therefore, there is every reason to believe that the reform of the pension system in the country is carried out taking into account the situation in the country.

**ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ**

Тұрар Дәрия Қайратқызы
dariyavey18@mail.ru

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану мамандығының 4-курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Қаленова Т.С.**

Кез келген қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіз өмір сүруіне мемлекеттің ұстанған саясаты, бағыты жауапты. Бұл мәселе әсіресе көпұлтты, көпконфессиялы елдерде саяси элитаның ұлтаралық, дінаралық мәселелер бойынша ұсынатын бағыттарында өзекті болып табылады. Яғни қоғамның жан-жақты дамуын, бір мемлекет астындағы ұлттардың бірігуін, олардың бейбітшілік пен ынтымақтастықта тұруын қамтамасыз ету – саяси элитаның міндеті. Қазіргі таңда заманауи Қазақстанда тұратын ұлттардың болашағы қандай, оларды не біріктіреді, ұлттық бірегейлігі немен анықталады, ұлтаралық қарым-қатынастың жағдайы қандай, елімізде тұратын басқа ұлт өкілдері өздерін «Қазақстандықпын» деп санап, Қазақстанмен идентификациялайды ма деген заңды сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтардың жауабын осы мақалада қарастыратын боламыз.

Қоғам ішіндегі этникалық, діни топтардың тату, ынтымақтастықта тұруы – мемлекет тұрақтылығының кепілі. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдан бастап дамудың өзіндік моделін қалыптастыра бастады. Жаңа құрылған мемлекет үшін өмірдің барлық

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

салаларын жаппай жаңарту міндеті тұрды, әрине, ұлт пен ұлтаралық мәселелерге қатысты сұрақтар да өзекті болды.

Қазақстан Республикасының көпұлтты және көпконфессиялы ел екендігін ескере отыра, мемлекет саясаты бір халықтың басымдылығына жол бермеуі керек. Себебі, тарихтан мәлім, бұндай саясат «ұлтшылдық» сөзінің ең нашар мағынасына әкеп соғады. Осыған байланысты, мемлекет – ортақ мәдени және рухани құндылықтарға негізделген, өзге ұлттардың мүдделерін қорғауға, қоғамдық келісімге бағытталған саясат қалыптастыру керек. Тәуелсіз елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы – дұрыс қалыптасқан ұлттық бірегейлік саясатына байланысты. Сондықтан биліктің стратегиялық міндеті – ұлттардың бірлігі мен татулығын сақтау.

Қазақстандық бірлік пен бірегейлікті, қоғамдық келісімді анықтайтын Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Мемлекеттіліктің негізі болып саналатын ҚР Конституциясының 1 бабы, 2 тармағына сәйкес «қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм Республика қызметінің түбегейлі принциптері» болып табылады. Өз кезегінде, көпұлтты қоғамда ұлттық бірегейліксіз, үйлесімді ұлтаралық қатынастарсыз қоғамдық келісімге келу мүмкін емес. Сол себептен Конституцияның мынадай баптары ұлтаралық қарым-қатынасты реттейтін заңдардан құралған:

- Қазақстан Республикасының негізгі басымдықтары: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм (1 бап);
- Қазақстанда тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу және олардың дамуына жағдай жасау (7 бап);
- Адамның жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына қарамастан барлығы тең (14 бап);
- Кез келген адамда өз мәдениеті мен тілін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдау құқығы бар (19 бап);
- Ұлтаралық татулықты бұзатын кез-келген іс-әрекет конституциялық емес деп танылады (39 бап);
- Мемлекеттің 2 Парламентінде де өзге этнос өкілдерінің болуы (50, 51 баптар).

Еліміз Конституцияны қоғам дамуының негізгі бағыты ретінде алып, адамның жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына қарамастан барлығы тең деп жариялады. Атазаңға сүйене отыра, билік ұлттық сана-сезімнің артуын, ұлтаралық келісімді нығайтуын және оның дұрыс бағытта жүзеге асырылуын қамтамасыз ету керек.

Қазақстан Республикасының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы мемлекеттік саясаты – күрделі әрі ұзақ уақытты қажет ететін процесс. Оған себеп Қазақстан Республикасы азаматтарының этностық, діни құрамдарының көп болуы. Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы саясаттың негізгі міндеті – барлық этникалық топ өкілдеріне өмір сүруге, тілі мен мәдениетін қолдануға қолайлы жағдай жасау. Мемлекеттік саясаттың тағы бір бағыты ретінде қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыруды айта аламыз.

Қазақстандық патриотизм – әрбір азаматтың өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін саналы жауапкершілік сезімі. Бұл ұғым адамның кез келген отандасының ұлтына, діни наным-сеніміне қарамастан құрметтеуге, оның тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сыйлауға негізделеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен мемлекеттік тіліне құрметпен қарау патриотизмнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстандық патриотизмнің республика қызметінің түбегейлі принциптері қатарына жататыны Конституцияда көрсетілген. Осыған байланысты бұл ұғым азаматтың адамгершілік және саяси сипатын, әлеуметтік сезімін, өз Отанының жетістіктері, елінің бай және әр түрлі мәдениеті үшін мақтаныш сезімін білдіреді. Туған жерінің тарихы адамды оны сүйуге, құрметтеуге, оның дамуына үлес қосуына жетелейді. Қазіргі жағдайда ұлттар мен ұлттық мемлекет қалыптастыру кезеңінде патриоттық сезім қоғамдық сананың ажырамас бөлігіне айналады. Патриотизмді идеология ретінде қарастыратын болсақ, онда мемлекет

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

пен азаматтардың мақсаттары бір-біріне сәйкес болуы керек. Осы сәтте қазақстандық патриотизмнің мақсаттарын анықтасақ:

- Азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық сезімді, азаматтық парызды, конституциялық міндеттерді атқаруға деген талпыныс қалыптастыру;
- Белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу;
- Әскери-патриоттық тәрбие беру;
- Түрлі ұлттар мен діндердің болуына байланысты дұрыс қалыптастырылған толеранттылыққа баулу;
- Саяси, әлеуметтік құндылықтар сезімін дамыту және т.б.

Яғни, қазақстандық патриотизм ұлттарды біріктіретін мемлекеттік саясаттың негізгі тетігіне жатады.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұлттық бірегейлік саясатын белсенді түрде жүргізіп келеді. Оған дәлел 1997 жылдан бастап жыл сайын ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арналған Жолдаулары, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Жолдаулары, елдің әл-ауқатын арттыру мақсатындағы қабылданған бағдарламалар, стратегиялық жоспарлар, ұлттық келісім мен диалогты сақтау мақсатында жасалатын жобалар дәлел. Жоғарыда аталған кез келген бағдарламада ұлттық бірегейлік мәселесі, ұлтаралық келісім, қазақстандық бірегейлік пен қазақ ұлтының бірегейлігі жайлы бөлек сөз қозғалады. Осыған байланысты, Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ҚР мемлекеттік саясатын тиісті құжаттарды қабылдауына байланысты жылдарға бөліп қарастырайық:

Қабылданған жылы:	Стратегиялар, заңдар, бағдарламалар:
1997 жыл	«Қазақстан-2030» Стратегиясы
2008 жыл	Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы ҚР Заңы
2012 жыл	«Қазақстан-2050» Стратегиясы
2014 жыл	«Мәңгілік Ел» идеясы
2015 жыл	«Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы
2015 жыл	«100 нақты қадам» бағдарламасы
2016 жыл	«Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» Елбасы мақаласы
2017 жыл	«Болшаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламасы»

Кесте 1. Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламалары

Жүзеге асыру жылдары:	Ұлттық жоспарлар мен жобалар:
2015 жыл	«Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жоспары
2017 жыл	«Менің Елім» ұлттық жоспары
2021 жыл	«Білімді ұлт» ұлттық жоспары; «Саламатты ұлт» ұлттық жобасы; «Көзі ашық ұлт» ұлттық жобасы; «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы.

Кесте 2. Қазақстан Республикасының ұлттық жоспарлары мен жобалары [1]

Көріп отырғанымыздай, тәуелсіз ел болып қалыптасқан алғашқы жылдардан бүгінгі күнге дейін ұлттық бірегейлік мәселесіне, ұлттық идеяға, ұлттар мен ұлыстар арасындағы ынтымақтастыққа айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Жоғарыда көрсетілген тізім ішінде аса маңызды, ұзақ уақытқа жоспарланған «Қазақстан-2050» Стратегиясын мемлекеттің ұлттық

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

бірегейлікті қалыптастырудағы саясатының бағыты ретінде алып, контент-анализ зерттеу әдісі арқылы қарастырайық.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында жарияланды. Стратегияның толық атауы: «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Стратегия 3995 сөзден тұрады. Елбасы өз сөзін «Қымбатты қазақстандықтар!» деп бастап, 2 рет қайталаған. Сонымен қатар, «Қымбатты отандастар» сөз тіркесін 3 рет, «Қадірлі халқым» деп 2 мәрте айтты. Стратегияның кіріспесінде тарихқа шолу жасалып, «мақтаныш сезімі», «ұлттық мақтаныш» сынды тіркестермен қазақстандық патриотизм тақырыбы сөз етілді, бұл ең бірінші қозғалған мәселе екенін ескергеніміз жөн. Ұзақ мерзімді Стратегияның маңызы, әлемнің озық елдеріндегі тәжірибе аталып, стратегияға «мүмкіндіктер көзі» деген анықтама берілді.

Ұлттық бірегейлік тақырыбына байланысты «бірлік», «ортақ», «жалпықазақстандық мәдениет», «бүкілхалықтық», «ортақ тағдыр», «ортақ шаңырақ», «ұлттық идея», «құндылықтар», «ұлттық бірлік», «бір халық» сияқты сөздер қолданылды. Қазақстан халқын біріктіретін басты құндылықтарға қоғамдағы ұлттық бірлік, ұлтаралық бейбітшілік пен келісім, тарих, мәдениет, тіл ортақтығы, болашаққа сеніммен қарау сынды ізгіліктерді жатқызылды. «Мәңгілік Ел» идеясы 12 рет қайталанып, ұлттық идеямен теңестірілді. (3 рет). Сонымен қатар, «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болу керек?» деген сұрақтың жауабы «Мәңгілік Ел» концепциясында жатыр деген жауап қайтарылды.

Стратегияда «жаһандық» сөзі 8 рет қайталанып, төмендегі сөздермен тіркесті:

- Жаһандық бәсекелестік;
- Жаһандық нарық;
- Жаһандық отыздық тобы;
- Жаһандық үрдіс;
- Жаһандық ауылшаруашылығы;
- Жаһандық рейтинг;
- Жаһандық экономикалық жүйе;
- Жаһандық үдеріс.

Сонымен қатар, «табысты елдер», «дамыған елдер», «әлемдік елдер», «озық елдер» деген сыртқы саясатқа байланысты сөз тіркестері кездеседі. «Отандастар» 3 рет, «қазақстандықтар» 13 рет, «халық» сөздері 17 рет қайтара айтылды.

Қолданылған есімдіктер:

Біз	58	«Біз», «біздің», «біздер»
Мен	18	«мен», «менің»

Кесте 3. Стратегияда қолданылған есімдіктер

Ұлтты біріктіретін, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы бағыттардың ішінде ортақ мәдениет пен тіл мәселесі бар. Стратегияда оған 2 абзац арналған. Жаһандану үдерісінің екпінмен заманауи мәдениет кластерлерін дамыту, жалпықазақстандық мәдениетті, мәдени саясатты арттыру мәселесі көзделді. Себебі, барлық ҚР азаматтарының бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыру – заман талабы. Сондай-ақ, қай кезеңде болмасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінің мәртебесі өзекті мәселе болып саналады. Қазақ тілінде білім алатын азаматтар саны артып, өзге ұлт өкілдерінің де мемлекеттік тілді меңгеруге деген талпыныс бар екені, олардың үлесі артқаны туралы айтылды. Еліміз көпэтносты болғандықтан, сәйкесінше қолданыстағы тілдер де аз емес. Алайда, қазақстандықтарды мемлекеттік тілдің аясында біріктіру де мүмкін, дегенмен де басқа ұлттардың тілін құрметтеу – яғни, балансты ұстау – ұлттық бірегейлік саясатының басты қағидасы. Құжатта «тіл» сөзі 10 рет қайталанды, және мынадай сөздермен тіркесті:

- Қазақ тілі;
- Қазақ, орыс, ағылшын тілдері (үштілділік);
- Ана тілі;

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

- Мемлекеттік тіл;
- Мәңгілік тіл.

Көп кешенді бағдарлама экономикалық өсу, саяси институттар мен қоғамдық бірлестіктерді дамыту, мемлекеттің әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік жағдайдың жақсарту сынды мемлекет өмірінің барлық саласын қамтитын мәселелерді қозғады. Алайда бұл мәселелердің түп негізі, қоғам дамуының кепілі – ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ортақ қазақстандық патриотизмді насихаттау, құндылықтарды, ұлтаралық келісімді сақтау, наразылық пен араздыққа жол бермеу. Стратегияның соңғы сөзі: «жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!».

Біртұтас Қазақстан халқының қалыптасуы елімізде тұратын барлық азаматтардың құқықтарын ескере отырып, жүргізіліп жатқан әлеуметтік, экономикалық жаңғыртуға байланысты этносаралық интеграцияда топтастырушы және біріктіруші рөл атқарады. Қазақстан халқы құрамы жағынан полиэтникалық ел болып саналатындықтан, ең алдымен халықты іштей біріктіруші күш болу қажет. Бұл жерде жалпы адамзаттық құндылықтар жиынтығы басым күшке ие. Дегенмен де, адамзатқа тән құндылықтарды ұлттық идея, тіл, мәдениет, тарих секілді біріктіруші күштер толықтыра алады. Осындай біріктіруші қызметті атқарып жатқан, мемлекеттің ұлттық бірегейлік саясатының маңызды институты болып саналатын Қазақстан Халқы Ассамблеясын айта аламыз. ҚХА қызметінің басты міндеті – бүкілқазақстандық бірліктің моделін қалыптастыру. Ассамблея 1995 жылы 1 наурызда құрылды және бүгінгі таңға дейін мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығын сақтауға септігін тигізу, ұлтаралық диалогты дамыту сияқты маңызды қызметтер атқарып келеді. 2007 жылы ҚХА Конституциялық мәртебе берілді, енді Ассамблея атынан Парламент Мәжілісіне 9 депутат сайлана алатын болды (ҚР Конституциясы, 51 бап, 1 тармақ). Нәтижесінде, оның саяси рөлі айтарлықтай артты. Қазақстан Халқы Ассамблеясының міндеттері:[2]



Сурет 1. Қазақстан Халқы Ассамблеясының міндеттері

Қазақстан Халқы Ассамблеясымен қатар елімізде ұлттық-мәдени орталықтар, достық үйлері жұмыс істейді. Бұл ұйымдар Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің өз ұлтының мәдениетін, тілін, тарихын сақтауға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оларға қолайлы жағдай жасаумен бірге, жалпықазақстандық патриотизмді, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға, Қазақстан еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Бүгінге оралатын болсақ, 2022 жылдың қасіретті қаңтар күндерінде Қазақстан халқы ерекше ұлттық бірегейлік көрінісін көрсетті деуге болады. Халық арасына «адамдарды мұң мен қайғы біріктіреді» дегендей, бұл қиын күндер халықты біріктіре алды. Бұқаралық

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде «күшіміз бірлікте» атты лозунгтар айтылды. Расында, жаһандық сын-қатерлерге, сыртқы және ішкі тұрақсыздыққа қарсы тұра алатын тек бірлік. Сонымен қатар, халықты біріктіретін күш ретінде алдыңғы орынға дұрыс бағыттағы ұлттық мемлекеттік саясат шығуы керек. Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаев ағымдағы жылдың 16 наурызында Қазақстан халқына жаңа Жолдауын жариялады. Жолдау «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деген атауға ие болды. Еліміз жаңа кезеңге аяқ басып, мемлекеттің барлық салалары толықтай жаңару керектігі айтылды. Жаңа Қазақстанды құру барысында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалыптасқан ұлтаралық диалог үлігісі, татулық мен ынтымақтастық тұжырымдары бүгінгі күнге сабақтасу арқыры одан әрі дамытылуы керек. Сол себептен Президент «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстану – дамыған Қазақстанның ажырамас бөлігі деп ойын қорытындылады. [3]

Қазақстан Республикасындағы ұлттық мемлекеттік саясат ұлтаралық қарым-қатынасты дамыту, халықты біріктіру процесі, халықтар арасындағы наразылықтар тек достық үйлерімен, ұлттық-мәдени орталықтар қызметімен ғана шектелмеуі тиіс. Мәселен, «үшінші әлемнен бірінші әлемге» көшкен Сингапур елі өзінің полиэтникалық, поликонфессиялды құрамына қарамастан халықты еш наразылықсыз бір ұлт аясында біріктіре алды. Сингапур билігі өзінің ұлттық мемлекеттік саясатын «ізденімпаз ұлт» (learning nation) атты жалпыхалықтық лозунгтар арқылы халықты топтастыра алды. Сонымен қатар, «ұлт қазынасы – оның адамдарында» (the wealth of a nation lies in its people) деген қағидатты басшылыққа алды. Осы лозунгтар арқылы Сингапур әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың алдын ала білді. Бұндай лозунгты идеология Сингапурдың ұлттық мемлекеттік саясаты қаншалықты логикалық және жүйелілік тұрғыда қарапайым екенін көрсетеді. Тағы да бір ұлттық мемлекеттік саясаттың, «ұлт құрылысының» керемет үлгісі ретінде Швейцария елін алуға болады. Швейцария – француз, итальян және неміс тілді саяси элита мен қарапайым тұрғындарды бір ту астында біріктіре алған мемлекеттер қатарында. Бұл елдің басты қағидаты – барлығына бірдей жайлы жағдай жасау. [4]

Мемлекеттің ұлттық бірегейлікті қалыптастыру саясаты барысында оның қалыптасуы мен сақталуына қауіп-қатерлер төнуі мүмкін. Қауіп-қатерлер тізіміне:

- Нәсілдік қақтығыстар;
- Діни қақтығыстар;
- Ұлттық-діни қақтығыстар;
- Әлеуметтік теңсіздік;
- Ұлттарды бөлу, доминантты ұлтқа жақтасу;
- Этникаралық қақтығыстарды жатқызуға болады. Бұлардың алдын алмау – террористік және экстремистік сипаттағы конфликтілерге алып келеді.

Мемлекеттің жүргізген саясатына қарамастан елімізде бірқатар этникаралық қақтығыстар орын алды. Солардың ішінде соңғы 7 жылда болғандарына назар аударсақ: [5]

Қақтығыс жылы	Болған орны	Ұлттар
2015 жыл	Түркістан облысы, Бостандық, Ынтымақ ауылдары	Қазақ-тәжік
2016 жыл	Жамбыл облысы, Бурыл ауылы	Қазақ-түрік
2018 жыл	Қарағанды қаласы	Қазақ-армян
2020 жыл	Жамбыл облысы, Масаншы ауылы	Қазақ-дүнген

Кесте 4. Қазақстанда соңғы 7 жылда болған ұлтаралық қақтығыстар

Осы жағдайдың алдын алудағы мемлекеттің басты міндеті – ұлттардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, олардың статус-кво жағдайына кепілдік беру, сонымен қатар тілдерін, мәдениеттерін қолдануға, құндылықтарын сақтауға ерік беру.

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Қорытындылай келе, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ҚР мемлекеттік саясаты ел азаматтарының ұлтына, тіліне қарамастан мүдделерін қорғап, олардың өмір сүруі үшін жағдай жасап, ұлтаралық қақтығыстардың, наразылықтардың алдын алу бағытында жүргізілуі тиіс. Ұлттық мемлекеттік саясаттың мысалы ретінде көпэтникалық мемлекеттерді үлгіге ала отырып, өзіміздің жеке ұлттық бірегейлік моделін қалыптастыруымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы – adilet.zan.kz сайты
2. <https://assembly.kz/>
- 3.<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>
- 4.Wimmer, Andreas. Nation Building. A Long-Term Perspective and Global Analysis. European Sociological Review, 2014, 1–18
- 5.https://nege.kz/news/basty/top10_kazakstandagi_en_iri_10_ultaralik_kaktigis_hronologiy_asi_20200208102234

НАРОДНАЯ ДИПЛОМАТИЯ: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ

Шевцова Алёна
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
магистрант 1 курса, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Shevtsova_a@mail.ru

Научный руководитель – Онучко М.Ю.

Аннотация

В статье высказана гипотеза что феномен «народной дипломатии» не заменяет традиционную форму дипломатии, а дополняет, также высказана точка зрения о соотношении и различии ряда сходных терминов, таких как: «публичная», «гражданская» и «общественная» дипломатия ввиду сложностей глобального перевода.

Ключевые слова: дипломатия, народная дипломатия, публичная дипломатия, общественная дипломатия, международные отношения, взаимозависимость.

Международные отношения находятся в постоянной мутации, дипломатия в ее конвенциональном понимании и ее основные нормы публичного международного права устарели с моментами глубокой глобальной трансформации. С момента вступления в эпоху взаимозависимости, межгосударственный диалог должен встать на ступень выше в вопросах взаимопонимания. В данном ключе на мировую арену вступает новая парадигма – народная дипломатия. Однако, до сих пор данный феномен не полностью изучен с научной и прикладных точек зрения. Это создает некоторые барьеры для более комплексного изучения феномена.

Дипломатия продолжает развиваться от прошлого к настоящему, отражая современные тенденции международных отношений и отвечая на современные вызовы. В этой связи актуализируется вопрос, действительно ли трансформационная эпоха замещает традиционное понимание дипломатии или же оно дополняет уже устоявшую культуру политического диалога. Безусловно, официальную дипломатию невозможно заменить. Она будет существовать до тех пор, пока существуют государства, правительства, посольства, МИДы. В этом ключе необходимо подчеркнуть некоторые наиболее явные различия в дискурсе официальной или традиционной и народной дипломатии.